

Алкогольді өнім өндіру мен оның айналымын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуші органдардың өзара іс-қимылының және осы саладағы құқық бұзушылықтардың жолын кесудің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 26 мамырдағы N 882.

ЕСКЕРТУ. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді – ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында этил спиртін және алкогольді өнім өндіруді, импорттауды және сатуды тәртіпке келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 ақпандағы N 217 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1997 ж., N 7, 52-құжат) 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Алкогольді өнім өндіру мен оның айналымын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуші органдардың өзара іс-қимылының және осы саладағы құқық бұзушылықтардың жолын кесудің ережесі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. 2-абзацқа өзгеріс енгізілді – ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 26 мамырдағы
N 882 қаулысымен
бекітілген

Алкогольді өнім өндіру мен оның айналымын бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етуші органдардың өзара іс-қимылының және осы саладағы құқық бұзушылықтардың жолын кесудің ережесі

ЕСКЕРТУ. Тақырыпқа өзгеріс енгізілді – ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

1. Осы ереже заңдарға, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне сәйкес алкоголь өнімдерін өндіру мен оның айналымын бақылауды жүзеге асырушы органдардың (бұдан әрі - бақылаушы орган) өзара іс-қимылын және осы саладағы құқық бұзушылықтарды уақытында анықтауды және оның жолын кесуді айқындайды.

ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитетінің, Салық полициясы комитетінің, Кеден комитетінің, Салық комитетінің органдары, Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрлігінің органдары, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің органдары, Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі ұлттық агенттігінің органдары, Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің органдары, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері аталған Ереженің талаптары қолданылатын бақылаушы органдар болып табылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа редакцияда ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

3. Бақылаушы органдар:

барлық қатысушылардың алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымына байланысты мәселелерді шешу кезіндегі теңдігі принципін;

әрбір органның бірлескен шешімдерді орындау мен шараларды жүргізу кезіндегі оған Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өкілеттіктердің шегіндегі дербестігінің;

әрбір органның бірлескен шешімдерді орындауы үшін, оларға Қазақстан Республикасының заңдарында берілген өкілеттіктердің шегіндегі жауаптылығының негізінде өзара іс-қимыл жасайды.

4. Бақылаушы органдардың өзара іс-қимылы мынадай негізгі нысандарда жүзеге асырылады:

осы органдар басшыларының кеңесін өткізу;

алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымын бақылау мәселелері жөнінде ақпарат алмасу;

тәртіп бұзуларды анықтау жөніндегі жұмыстардың оң тәжірибелерін зерделеу мен тарату;

алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымы саласындағы құқық бұзушылықтарды анықтау жөнінде мақсатты бірлескен шаралар жүргізу;

бірлескен семинарлар, конференциялар өткізу жолымен қызметкерлердің біліктілігін арттыруға арналған мүмкіндіктерді өзара пайдалану;

алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымындағы құқық бұзушылықтарды анықтау және оны бақылау жөніндегі қызмет процесінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде өзара көмек көрсету;

келісілген бірлескен шараларды әзірлеу және бекіту.

5. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымы кезінде құқық бұзушылықтардың жолын кесу мақсатында алкогольді өнімдерді өндіруге берілген лицензиялардың тізілімін, оларға өзгерістер мен толықтыруларды, сондай-ақ алкогольді өнімдерді өндіруге арналған тоқтатыла тұрған лицензиялардың және этилді спирт пен алкогольді өнімдерді өндіру және олардың айналымы декларациясының тізілімін Қазақстан Республикасының Ішкі

істер министрлігіне, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Салық полициясы комитетіне, Қаржы министрлігіне, Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитетіне жолдайды.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

6. Жергілікті жерлердегі сауданы басқару органдары алкогольді өнімдерді акцизді маркасыз, сәйкестілік сертификатынсыз және қолданылып жүрген заңдармен регламенттелетін басқа құжаттарсыз, сондай-ақ белгіленбеген орындарда сату фактілерін байқаған кезде өзінің құзыретінің шегінде шаралар қолданады және осы тәртіп бұзушылықтар туралы бақылаушы органдарға ақпарат жолдайды.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдары заңдарда көзделген жағдайларда шикізаттың барлық түрінен дайындалған этил спирті, сондай-ақ алкогольді өнімдерді, шарап материалдары мен осы өнімнің жартылай фабрикаттарын өндіру құқығына арналған лицензияларды қайтып алу немесе оның қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҮ-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен салық қызметтері салық төлеушілерге тексеру жүргізу кезінде Алкогольді өнімдерді акцизді маркалармен таңбалау тәртібінің бұзылуы фактілері анықталған жағдайларда, заңдарда белгіленген шараларды қолдану үшін оларды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіруді және оның айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті жергілікті жерлердегі сауданы басқару органдарына жолдайтын жеке актілермен ресімдейді. Шетелде өндірілген тауарлар бойынша осы тәртіп бұзушылықтар туралы мәліметті қарау және тиісті шара қолдану үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Кеден комитетінің органдарына жолдайды.

ЕСКЕРТУ. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ү-нің 1999.01.19. N 31 қаулысымен.

8. Кеден органдары импортталатын алкогольді өнімдердің айналымына бақылауды жүзеге асыратын тиісті органнан ақпарат түскен кезде:

белгіленген тәртіппен акциздік алым маркаларымен таңбаланған, ұсталған алкогольді өнімдерді орналастыру үшін уақытша сақтау қоймаларын айқындайды;

қолданылып жүрген заңдарда белгіленген тәртіппен осы өнімдерді алу және төленбеген кеден төлемдері мен салықтарын өндіріп алу жөнінде шаралар қабылдайды.

9. Алкогольді өнімдерді өндіру мен олардың айналымын бақылауды қамтамасыз етуші органдар тексерулер процесінде салықтық тәртіп бұзушылықтардың белгілерін аңғарған жағдайда, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес тиісті шаралар қолдануы үшін кеден қызметі және салық полициясы органдарына тиісті материалдар жолдайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК